

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ҚОРЛАРЫ ТУРАЛЫ <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 15 қазан N 1024. Қаулының бүкіл тексті және ескертпелерінен "бюджеттен тыс" және "бюджеттерден тыс" деген сөздер шығарылды - ҚРМК-нің 24.08.1994 ж. N 959 қаулысымен. ~P940959 Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.04.01. N 280 қаулысымен. ~P980280

Қазақстан Республикасында табиғатты пайдаланудың экономикалық механизмін одан әрі енгізу және шаруашылық немесе өзге де қызмет нәтижесінде залал келтірілген табиғи ресурстарды қалпына келтіру жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін материалдық база жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Республикалық табиғат қорғау қоры құрылсын. <*>

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне жергілікті табиғат қорғау қорларын құру ұсынылсын.<*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 24.08.1994 ж. N 959 қаулысымен.

2. Осы қаулыға тіркеліп отырған жергілікті табиғат қорғау қорлары туралы Үлгі ереже, Республикалық табиғат қорғау қоры туралы ереже және Айналадағы табиғи ортаның ластануы үшін төлем өндіріп алу тәртібі бекітілсін.

3. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттардың шығарылғаны (тасталғаны), өндіріс пен тұтыну қалдықтарының орналастырылғаны үшін экология және биоресурстар басқармаларының ұсынысы бойынша депутаттардың облыстық, Алматы және Ленинск қалалық маслихат-жиналысымен бекіткен төлем ставкаларын күшіне енгізсін. < * >

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 24.08.1994 ж. N 959 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі нарықтық экономикаға көшудің өтпелі кезеңінің жағдайларын ескере отырып, айналадағы табиғи ортаға тұрақты көздерден ластағыш заттардың шығарылғаны (тасталғаны) және орналастырылғаны үшін, сондай-ақ ауаның көлік құралдарын

бөлінген қалдық газдармен ластануы үшін төленетін төлемдер мөлшерін анықтауға арналған әдістемелік базаны жетілдіре түсу жөніндегі шараларды жүзеге асыратын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 15 қазандағы
N 1024 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Айналадағы табиғи ортаның ластанғаны
үшін төлемдер өндіріп алудың

ТӘРТІБІ

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы заңына сәйкес әзірленді және:

айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттардың нормативті шығарылғаны (тасталғаны) және өндіріс пен тұтыну қалдықтарының орналастырылғаны үшін;

айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттарды шығарудың (тастаудың) және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырудың нормативтерін арттырғаны үшін төлемдер өндіріп алуды көздейді.

2. Ластағыш заттардың нормативті шығарылғаны (тасталғаны) және өндіріс пен тұтыну қалдықтарының орналастырылғаны үшін төленетін төлемдері кәсіпорын дербес есеп айырысып, аударып отырады.<*>

Ластағыш заттар шығарудың (тастаудың) және өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырудың нормативтерін арттырғаны үшін төлемдерді жергілікті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы органдары даусыз түрде өндіріп алады.<*>

3. Айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттардың нормативті және нормативтен арттырылып шығарылғаны (тасталғаны) және өндіріс пен тұтыну қалдықтарының орналастырылғаны үшін төленетін төлемдер тиісті бюджеттің "Табиғат қорғау қорына түсімнің" 32-тарауының кірісіне түседі және осы қорлар туралы ережеге сәйкес пайдаланылады.<*>

4. Айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттардың шығарылғаны (тасталғаны) және өндіріс пен тұтыну қалдықтарының орналастырылғаны үшін төленетін төлемдер ставкаларын Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі әзірлейтін әдістемелік құжаттар негізінде облыстық экология және биоресурстар басқармасы есептеп шығарады, ол жергілікті жағдайларды ескере отырып аймақтар бойынша сараланып, облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімшіліктерінде бекітіледі.<*>

5. Айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттардың шығарылғаны (тасталғаны) және өндіріс пен тұтыну қалдықтарының орналастырылғаны үшін төленетін төлемдер ставкалары инфляция деңгейіне байланысты индекстеледі.

Айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттардың шығарылуы (тасталуы) және өндіріс пен тұтыну заттарының орналастырылуын нормативтерінің арттырылғаны үшін төленетін төлемдер бекітілген нормативті ставкаларға шаққанда еселенген мөлшерде белгіленеді.

6. Егер табиғи ортаның ласталуы қалдықтардың шығарылуына (тасталуына) және орналастырылуына белгіленген тәртіппен хатталмаған рұқсатпен жол берілген жағдайда ластағыш заттардың бүкіл көлемі нормативпен тыс деп қаралып, ол үшін төленетін төлем еселенген мөлшерде өндіріліп алынады.

7. Айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттардың нормативті шығарылғаны (тасталғаны) және өндіріс пен тұтыну қалдықтарының орналастырылғаны үшін төленетін төлемдер есеп беріліп отырған тоқсаннан кейінгі алғашқы айдың 20-сынан кешіктірмей аударылады. Төлемдер кідірілген жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін әрбір кешіктірілген күн үшін төленбеген соманың 1,5 процент көлеміндегі өсім өндіріліп алынады. Табиғат пайдаланушы төлем төлеуден бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясының органдары төлем сомаларын даусыз тәртіпте өндіріп алады.<*>

Айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттардың шығарылуы (тасталуы) және қалдықтардың орналастырылуы нормативтерінің арттырылғаны үшін төлемдердің мерзімі айналадағы ортаның ласталуының аталған көздеріне арналып белгіленген шығарылуын (тасталуын) нормалау кезеңіне сәйкес белгіленеді.

Бұл төлемдер жол берілген нормативтерді арттыру фактісі анықталғаннан кейін 10 күн ішінде өндіріліп алынады.

Ескерту. Барлық тармақтарға өзгерістер Қ.Р.К.М. 1994 ж.

5 қазан N 1113 қаулысымен енгізілген

8. Айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттардың шығарылғаны (тасталғаны), өндіріс пен тұтыну қалдықтарының орналастырылғаны үшін төленетін төлемдер шетелдік инвесторлармен бірлескен кәсіпорындардың заңдарына шетелдік жеке адамдар мен заңды ұйымдар бағынатын мемлекеттердің валютасымен олардың капиталының үлесіне сәйкес инвестор мемлекеттің нормативтері бойынша өндіріліп алынады.

9. Өнімін еркін айналымдағы валютамен өткізетін заңды ұйымдар мен жеке адамдар айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттарды шығарғаны (тасталғаны), өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлейтін төлемдерінің бір бөлігін өзінің көлемінің үлесіне сәйкес еркін айналымдағы валютамен өтейді.

10. Айналадағы табиғи ортаны ластағаны үшін төленетін төлемдерді өндіріп алу барысында табиғатты пайдаланушылар үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес төлемді төмендету немесе одан толық босату түрінде жеңілдіктер белгіленуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 15 қазандағы
N 1024 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Жергілікті табиғат қорғау қорлары туралы Ү Л Г І Е Р Е Ж Е

Ескерту. Аталған ереженің аты мен бүкіл тексті бойынша
"бюджеттен тыс" және " бюджеттен тысқары" сөздер
алынып тасталсын - өзгерістер Қ.Р.К.М. 1994 ж.

5 қазан N 1113 қаулысымен енгізілген.

1. Жергілікті табиғат қорғау қорлары табиғат қорғау қызметін жақсартуға арналған экономикалық тұтқалардың ықпалын күшейту мақсатында құрылады.

2. Жергілікті табиғат қорғау қорларын пайдаланудың тәртібін облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының тәртібін облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері белгілейді.

3. Жергілікті табиғат қорғау қорлары:

айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттардың нормативті шығарылғаны (тасталғаны), өндіріс пен тұтыну қалдықтарының орналастырылғаны үшін
т ө л е н е т і н т ө л е м д е р ;

айналадағы табиғи ортаға ластағыш заттардың шығарылу (тасталу), өндіріс пен тұтыну қалдықтарының орналастырылуы нормативтерінің арттырылғаны үшін
т ө л е н е т і н т ө л е м д е р ;

табиғи ресурстар мен олардың алынатын шикізаттың нормативтен тыс және кешенсіз пайдаланғаны үшін төленетін төлемдер;

ластағыш заттардың авариялық шығарылғаны (тасталғаны) үшін төленетін
а й ы п т ө л е м д е р ;

табиғатты пайдаланушыдан шаруашылық қызметі нәтижесінде табиғат қорғау заңдарын бұзуына орай оның мемлекетке келтірген зиянының орнын жабу есебінен өндіріліп алынатын қаражаттар;

лауазымды адамдар мен жекелеген азаматтардан табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін әкімшілік және сот тәртібімен өндіріліп алынатын айыптар;

аңшылық пен балық аулауға арналған тәртілгенген қаруларды өткізуден, сондай-ақ соларды пайдаланудан алынған өнімді сатудан түскен қаражаттар;

заңды ұйымдар мен жеке адамдардың ерікті жарналары;

кредит беруден, сондай-ақ табиғат қорғау заемдарын, лотереяларын және өзге де коммерциялық шаралар жүргізуден түскен кірістер;
басқа да көздер есебінен қалыптастырылады.

Табиғат пайдаланушылар аталған қаржыны облыстық, Алматы және Ленинск қалалық бюджеттері кірістерінің "Табиғатты қорғау қоры түсімдерінің" 32-тарауына тиесілі сомалардың 85 процентінен аспайтындай мөлшерде аударады. < * >

Ескерту. Өзгерістер Қ.Р.К.М. 1994 ж. 5 қазан N 1113 қаулысымен енгізілген.

4. Жергілікті табиғат қорғау қорларын жұмсайды, қаржы органдарының қаражаттарды облыстық, Алматы және Ленинск қалалық экология және биоресурстар басқармаларының ағымдағы шоттарына аудару шамасына қарай, "Табиғат қорғау қоры түсімінің" бюджеттегі 32-тарауына түскен сомалар шегінде, бірақ тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шығындардың шекті мөлшерінен артпайтындай, әкімдер белгілеген кірістер мен шығыстардың сметасына сәйкес экология және биоресурстар органдары жүзеге асырады:<*>

жергілікті маңызы бар табиғат қорғау объектілері құрылысына кредит беруге, оларды техникалық тұрғыдан қайта жарақтандыруға, қайта жаңғырту мен к ү р д е л і ж ө н д е у г е ;

табиғат қорғау техникасы мен технологиясының жаңа түрлерін, оларға арналған мониторинг пен техникалық құралдары автоматтандырылған жүйесін құру жөніндегі жобалық-ізвестіру және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар ж ү р г і з у г е ;

табиғатты қорғау мен табиғатты ұтымды пайдалану жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аумақтық бағдарламалар мен кешенді схемаларды о р ы н д а у ғ а ;

аймақ аумағына тигізілетін экологиялық теріс зардаптардың алдын алатындай және орнын толтыратындай шараларды жүзеге асыруға;

шаруашылық немесе өзге де қызмет нәтижесінде бұзылған табиғи ресурстарды қалпына келтіру, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау және қайта жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға;

ерекше қорғалатын аумақтарды дамытуға;

табиғатты пайдаланудың экологиялық нормативтері жүйесі мен ақпараттық ж ү й е с і н ә з і р л е у г е ;

республикалық табиғатты қорғау қоршаған табиғи ортаның жай-күйіне республикалық бақылау жасау жүйесін қамтамасыз ететіндей материалдық базаны дамыту орына аударуға пайдаланады.<*>

Бақылау-инспекциялық қызмет нәтижесінде бюджеттің "Табиғат қорғау қорының" 32-тарауына келіп түсетін қаражаттар "Табиғатты қорғау заңдарын

сақтау жөніндегі бақылау-инспекциялық қызметтен алынатын қаржыны қалыптастыру тәртібі және жұмсау бағыттары туралы Ережеде" белгіленген тәртіп бойынша пайдаланылады.<*>

Ескерту. 4-тармақтың 9 абзацы сөздермен толықтырылған - Қ.Р.К.М. 1994 ж. 5 қазан N 1113 қаулысымен.

4-тармақтың соңғы абзацы жаңа редакцияда - Қ.Р.К.М. 05.10.1994 ж. N 1113 қаулысы.

5. Табиғат қорғау қоры қаржысын пайдалану туралы есепті экология және биоресурстар органдары жергілікті қаржы органдарына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгіленген нысан және мерзім бойынша беріп отырады.<*>

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Қ.Р.К.М. 05.10.1994 ж. N 1113 қаулысы.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 15 қазандағы
N 1024 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Республикалық табиғат қорғау қоры туралы ЕРЕЖЕ

1. Республикалық табиғат қорғау қоры табиғатты пайдаланушылардың айналадағы табиғи ортаны ластағаны үшін аударатын төлемдері есебінен төленуге тиісті соманың кем дегенде 15 проценті мөлшерінде құралады.<*>

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қ.Р.К.М. 05.10. 1994 ж. N 1113 қаулысы.

2. Республикалық Табиғат қорғау қорының қаржысы Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі Қаржы министрлігінің бюджеттің "Табиғатты қорғау қоры түсімдерінің" 32-тарауына келіп түскен қаражаттар шегінде, бірақ республикалық бюджет жөніндегі Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген шығындардың шекті мөлшерінен аспайтын мөлшерде Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі алқасы нысаналы мақсатқа арнап бекіткен шығындар сметасына сәйкес кредиттер ашу ш а м а с ы н а қ а р а й . < * >

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындауға байланысты республикалық бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды жүзеге а с ы р у ғ а ;

экологиялық таза және ресурс сақтай алатындай технологиялар, стандарттар, айналадағы ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік нормалары мен ережелерін әзірлеу жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге;
экологиялық бағыттағы ақпараттық банктер құруға;

табиғат қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты, табиғатты пайдалануды басқарудың шетелдік тәжірибесін зерделеу мен тартуды ұйымдастыруға;

айналадағы табиғи ортаның жай-күйін бақылайтын республикалық жүйе құруды қамтамасыз ететін материалдық базаны дамытуға;

табиғат қорғау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға және тәжірибе алмасуына, экологиялық білімді насихаттауға, экологиялық білім мен тәрбие беруге;

экологиялық бағытта республикалық шаралар жүргізуге;

республикалық экологиялық көрмелер, байқаулар, конкурстар өткізуге және неғұрлым тиімді табиғат қорғау шараларын енгізгені үшін ұжымдарды ынталандыруға пайдаланылады.

(Соңғы тармақ) . < * >

Ескерту. 2-тармақтың 1 абзацы жаңа редакциясында.

Соңғы абзацы алынып тасталған - өзгерістер Қ.Р.К.М.

05.10.1994 ж. N 1113 қаулысымен енгізілген.

3. Республикалық Табиғат қорғау қоры қаржысының пайдаланылуы туралы есепті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгілеген нысан және мерзім бойынша Экология және биоресурстар министрлігі беріп отырады.<*>

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қ.Р.К.М. 05.10.1994 ж.

N 1113 қаулысы.